



**AMBASSADOR
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Халық санағы 2021
(№1 ақпараттық хат)

Құрметті қазақстандықтар!

2021 жылғы 1 қыркүйектен 30 қазанға дейінгі кезең аралығында Қазақстан Республикасында **жалпыұлттық халық санағы** өтеді.

Санақты өткізу процесін автоматтандыру және оған заманауи цифрлық технологияларды енгізу – 2021 жылғы Ұлттық санақтың басты жаңалығы болады.

Халық санағы дегеніміз не?

Халық санағы – белгілі бір уақыт кезіндегі Қазақстан азаматтарын сипаттайтын демографиялық, экономикалық және әлеуметтік деректерді жинау, өңдеу және алынған ақпаратты, статистикалық көрсеткіштер жүйесін және олардың талдауын қалыптастыру, ҚР халығы туралы агрегатталған (иесіздендірілген жиынтық) деректерді бағалау және тарату процесін қамтитын арнайы ұйымдастырылған статистикалық байқау.

Халық санағы не үшін қажет?

Халық санағының қорытындылары жалпы ел бойынша, қалалық және ауылдық жерлерде және өңірлік бөліністе жынысы мен жасы, неке жағдайы, ұлттық құрамы, азаматтығы, ұстанатын діні, білім деңгейі, тілдерді меңгеруі, үй шаруашылықтарының (және отбасылардың) саны мен көлемі, тұрғын үй жағдайлары және басқа да сапалық және сандық белгілері бойынша халық санының құрылымындағы өзгерістер сияқты халықтың демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуында өткен 10 жыл ішіндегі Қазақстан Республикасында болған экономикалық, демографиялық және әлеуметтік өзгерістерді көрсетеді.

Санақ нәтижелері үй шаруашылықтарының жағдайларын, некелік-отбасылық қатынастарды жақсарту, мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірін, халықтың тұрғын үй жағдайын жақсарту бойынша мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу үшін, сонымен

қатар білім, жұмыспен қамту, туу және көші-қон мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау үшін қажет.

Санақ қалай өткізіледі?

1. **2021 жылғы 1 қыркүйек пен 15 қазан аралығында**, яғни халық санағының алғашқы 45 күнінде қазақстандықтар **онлайн-режимде** арнайы [«www.sanaq.gov.kz»](http://www.sanaq.gov.kz) сайтында санаққа қатысты барлық сұрақтарға жауап бере алады;

2. дәстүрлі жалпы аралау (**ҚР аумағында азаматтарды жеке аралау**) 1 – 30 қазан аралығында жүргізіледі және ол белгіленген мерзім ішінде санақтан онлайн-режимде өтпеген респонденттер арасында жүргізілетін болады.

Онлайн режимінде санаққа қалай қатысуға болады?

Шетелде жүрген Қазақстан азаматтары [«www.sanaq.gov.kz»](http://www.sanaq.gov.kz) сайтында онлайн-режимде санақ парақтарын толтыру арқылы халық санағынан өте алады.

Онлайн-режимдегі санаққа қатысу үшін, ең алдымен, [«www.sanaq.gov.kz»](http://www.sanaq.gov.kz) сайтында тіркеуден өту керек. Тіркеуден және авторизациядан сәтті өткеннен кейін толтырылуы қажет санақ парақтарының электрондық нұсқалары қолжетімді болады.

Санақ кезінде мәліметтер жинау үшін **сәйкестендіргіш ақпарат ретінде сауалнамаға қатысушының ЖСН-і қолданылады**. Бұл ақпараттың қайталануын болдырмауға мүмкіндік береді.

Санақ кезінде қазақстандықтардан не туралы сұрайды?

2021 жылғы Ұлттық санақты жүргізу барысында Қазақстан азаматтарына барлығы 87 сұрақ қойылады. Санақ парақтарындағы сұрақтар тізбесі айтарлықтай ұлғайтылған. Мұнда барлығы 67 сұрақ және оған қосымша 20 нақтылаушы сұрақтар кірістірілген. Сұрақтардың аясын кеңейтуге Еуропалық санақшылардың 2020 жылғы тұрғын үй қорын және тұрғындар санағын жүргізу жөніндегі ұсыныстары мен ТМД Мемлекетаралық статистикалық комитеттің әдістемелік материалдары негіз болды.

Өзімнің деректеріммен онлайн режимінде бөлісу қауіпсіз бе?

Санақ барысында жиналған барлық деректер қорғалады және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Санақ дерекқорына шифрланған және автоматты түрде түседі.

Құрметті қазақстандықтар, қадірлі достар!

Халық санағы – жалпыұлттық іс-шара, оның Қазақстан Республикасы үшін маңыздылығын асыра бағалау қиын. Санақ он жылда бір рет өткізіліп, мемлекеттік органдарға алдағы онжылдыққа бюджеттік, әлеуметтік және экономикалық саясатты жоспарлауға мүмкіндік береді. Санақ науқаны барысында жиналған мәліметтер неғұрлым сапалы және толық болған сайын, Қазақстан Республикасы өз азаматтарын соншалықты тиімді қамтамасыз етіп, қолдау көрсете алады.

Мен Ұлыбританиядағы, Ирландиядағы және Исландиядағы барлық қазақстандықтарды алғашқы цифрлық халық санағына қатысуға және елдің одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуға шақырамын!

Құрметпен,



Ерлан Ыдырысов

2021 жылғы 9 маусым